

ЖОЛДАР ҚАЛАЙ ЖӨНДЕЛДІ?

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



СУ ҮНЕМДЕУДІ САНАҒА СІҢІРУ КЕРЕК

6-БЕТ | САРАПТАМА



АЯЗДЫҢ ДА АТЫ БАР

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Мемлекет, бизнес және жалпы қоғам күш біріктіргенде ғана Әділетті Қазақстанды құра аламыз. Еліміз еңсесін тіктеді, аяғына нық тұрды. Экономикада оң қарқын байқалады. Халықаралық қаржы институттары тарапынан жоғары несие рейтингін иеленуде. Экономика дамуының негізгі көрсеткіші – халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасының артуы. Бұл – менің берік ұстанымым.

№6
(4904)
Сенбі
17 қаңтар
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сұлтан СЕЙІТ





Биыл айлардың сұлтаны – Ораза қашан басталатыны және басқа да мұсылман мейрамдарының қашан өтетіні туралы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мәлім етті.

ҚМДБ-ның шариғат және пәтуа бөлімі 2026 жылға арналған діни күндер күнтізбесін бекітті. Ұсынылған күнтізбеге сәйкес, Ораза ұстау (қасиетті Рамазан айының бірінші күні) 19 ақпанда басталады, Қадір түні 16-сынан 17 наурызға қараған түні өтеді, ал Ораза айт мейрамын мұсылмандар 20 наурызда атап өтеді. 2026 жылы Құрбан айт мейрамын мұсылмандар 27-29 мамыр аралығында тойлайды.



Бас қалада 4 ақпан күні бос жұмыс орындарына арналған жәрмеңке өтеді.

Жәрмеңке жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерді бір алаңда тоғыстырып, өзекті бос орындар туралы ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Қатысушылар түрлі сала бойынша тікелей жұмыс берушілермен сұхбаттасып, еңбек нарығындағы соңғы үрдістермен таныса алады. Іс-шара «Тұран-Астана» университетінде өтеді.

ҮРКЕРДЕГІ ҮЛГІЛІ МЕКТЕП

Елордада биылғы оқу жылында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 15 жаңа оқу орнын ашу жоспарланған. Заманауи технологиямен, қауіпсіздік және цифрландыру талаптарына сай жабдықталған мектептің бірі елорданың шеткі аймағында орналасқан Үркер тұрғын алабында бой көтерген.

75 МЫҢ АДАМ ВОЛОНТЕР БОЛДЫ

Шаһарымызда волонтерлік қызметке қатысатындар қатары көбейіп келеді.

Елордада еріктілер қозғалысының негізгі үйлестірушісі «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы қызметінің негізгі бағытының бірі – волонтерлік қызмет. Бүгінгі таңда қалада волонтерлік фронт-офис жұмыс істейді. Волонтерлік ұйымдардың жалпы саны – 50, оның ішінде 30 белсенді волонтерлік ұйым және 20 бастамашыл топ бар. Белсенді волонтерлер саны – 6000 адам. «Астана жастары» еріктілері 2025 жылы халықаралық және республикалық деңгейдегі 130 іс-шараға қатысты. Қала бойынша волонтерлік қызметке жалпы саны 75 мыңнан астам адам тартылды.

АСТАНАНЫ АЙШЫҚТАҒАН СУРЕТШІ




Бас қаладағы «Қазақ елі» монументі, «Үш арыс» ескерткіші, «Салтанат» сарайындағы «Көк түркілер әлемі» туындысы, Ailand отбасы демалысы орталығындағы «Құс жолы» декоративтік өнімнің авторы – бір адам. Ол – белгілі қылқалам шебері, мүсінші Сембіғали Смағұлов. Елордадағы Forte Kulanshi Artspace галереясында суретшінің көрмесі ашылды.

8

17-18 ҚАҢТАР
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Өтетін орны: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.



№6 (4904) 17/01/2026 Сенбі



56 МЫҢ АДАМНЫҢ БЕРЕШЕГІ КЕШІРІЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованы қабылдады. Мемлекет басшысына қаржы нарығын дамытудың 2025 жылғы нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған міндеттер туралы баяндалды.

Мәдина Әбілқасымова былтыр банк секторының орнықтылығы қамтамасыз етілгенін, жыл сайынғы қадағалау-бағалау циклі аяқталғанын жеткізді. Банктердің активтері 11 пайызға өсіп, 68,3 триллион теңгеге дейін ұлғайды. Капиталдың жеткіліктілігі 20,7 пайызды құрады.

Мемлекет басшысына банктер туралы жаңа заң, сондай-ақ инвестициялық қорлар және рейтингтік қызмет туралы заң жобалары әзірленгені жөнінде айтылды. Бизнеске берілген кредиттер 2025 жылдың қарашасындағы жағдай бойынша 17,9 пайызға артып, 14,8 триллион теңгеге жеткен. Кәсіпкерлер 17,5 триллион теңгеге жаңадан несие ресімдеді. Банктер жалпы сомасы 2,3 триллион теңге болатын 8 синдикатталған жобаны бірлесіп қаржыландырды. Шағын және орта бизнесті кредиттеу ісін қолдау үшін 2025 жылдың маусым айында «Даму» қорының жанынан Кепілдік қоры құрылды. Бүгінге дейін 505 миллиард теңге көлемінде несие кепілдіктері берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа тұтынушылық кредиттер беру 2024 жылмен салыстырғанда екі есе төмендегені жөнінде ақпарат берілді. Тұтынушылық несиені шектеу үшін төлем мерзімі кешіктірілген жағдайда 5 жылдан астам уақыт ішінде қарыз беруге тыйым салынды. Сондай-ақ үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге және тәуекелі жоғары қарыздарды беруге шектеу қойылды. Қарыз алушының кірісіне қарай борыш көлемінің жаңа коэффициенті бекітілді.

Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту мақсатында банктер мен микроқаржы ұйымдары 703 мың азаматтың қарызын реттеп, ішінара кешірді. Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қолданысқа енгелі бері банктер 56 мың адамның 209,7 миллиард теңге берешегіне кешірім жасады. Ипотекалық тұрғын үй займдарын қайта қаржыландыру бағдарламасы аясында 1,2 мың қарыз алушыға қолдау көрсетілді.

Қаржылық алаяқтыққа қарсы күрес шеңберінде кредит беру кезінде «шешім қабылдау кезеңі» заңнамаға енгізілді. Алғашқы қарызды ресімдеуге азаматтың өзі келуге тиіс. Бұдан бөлек, алаяқтық жағдайында кредитті сот шешімімен және соттан тыс тәртіппен есептен шығарудың негіздемелері кеңейтілді. Агенттік өзінің қадағалау қызметі аясында банктерге 2025 жылы 49 рет инспекторлық және құжаттамалық тексеріс жүргізген. Сақтандыру нарығына қатысушыларды – 47, бағалы қағаздар нарығын – 54, ал микроқаржыландыру субъектілері мен коллекторлық агенттіктерді 260 мәрте тексерген. Нәтижесінде 628 қадағалау шарасы қолданылып, жалпы сомасы 641,3 миллион теңге айыппұл салынды. Микроқаржыландыру және коллекторлық агенттіктер нарығындағы 58 субъект лицензиясынан айырылды. Оның ішінде 23-і мәжбүрлі түрде тоқтатылды, ал 9 субъектінің лицензиясы алынды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, экономиканың нақты секторын несиелеуді ұлғайту және қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

ЕКІ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы банк жүйесіне қатысты екі заңға қол қойды. Бұл туралы Ақорданың Telegram-арнасы хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Бұған қоса, Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Екі Заңның да мәтіні баспасөзде жарияланады.

БЕСІНШІ ОТЫРЫС ӨТТІ

Астанада Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының бесінші отырысы өтті. Жиында Парламентаризм институтының директоры Наталья Пан азаматтардан, сарапшылардан және қоғам белсенділерінен келіп түскен ұсыныстар жөніндегі аралық ақпаратпен бөлісті.



Былтыр қазан айынан бері e-Otinish және eGov платформаларындағы «Парламенттік реформа» арнайы бөлімі арқылы халық арасынан, сарапшылар қауымдастығынан және қоғамдық бірлестіктерден 600-ге жуық ұсыныс жинақталған. Атап айтқанда, «Байтақ» партиясы, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы, Республикалық адвокаттар алқасы, «Toqtamys» адвокаттық қауымдастығы, Халықаралық арбитраж және медиация палатасы, Парламентаризмді дамыту қоры, Қазақстандық татарлар мен башқұрттар конгресі, Экономикалық саясат институты, «Азаматтық бастама» бастамашылық тобы және басқа да ұйымдар өз ұсыныстарын білдірді. Бұған қоса, құқықтанушы ғалымдар сарапшылық ұсынымдарын жолдап, белсенділік танытуда.

Сонымен қатар Парламентаризм институтының директоры азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерден, парламенттік реформадан бөлек, конституциялық реформаға қатысты бастамалар түсіп жатқанын жеткізді. Жұмыс тобы жетекшісінің орынбасары – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев Парламенттің Үкіметті, Конституциялық сотты, Жоғары аудиторлық палатаны, Орталық сайлау комиссиясын және басқа да мемлекеттік органдарды жасақтауға қатысуын реттейтін конституциялық рәсімдердің жалпы тәсілдері туралы айтты. Бұл тәсілдер жұмыс тобы мүшелері мен саяси партиялардың ұсыныстары негізінде әзірленген.

Жұмыс тобының мүшелері қатарынан Марат Шибұтов, Азат Перуашев, Елнұр Бейсенбаев, Серік Егізбаев, Магеррам Магеррамов, Айдарбек Қожаназаров, Марат Башимов, Нұрлан Бекназаров, Индира Әубәкірова, Үнзила Шапақ, Алуа Ибраева, Бөріхан Нұрмұхамедов, Лейла Жақаева, Виктор Малиновский, Ерлан Сәрсембаев, Айдос Сарым, Қарлығаш Жаманқұлова өз идеялары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Жиын соңында жұмыс тобының жетекшісі – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин конституциялық реформа бойынша түпкілікті тәсілдерді әзірлеу үшін келіп түскен ұсыныстардың барлығын жинақтап, жанжақты зерделеуді тапсырды.

Анықтама: Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы 2025 жылғы 8 қазанда Мемлекет басшысының өкімімен құрылды. 14 қазанда жұмыс тобының алғашқы отырысы өтті. Екінші отырыс – 2 желтоқсанда, үшінші отырыс – 29 желтоқсанда, төртінші отырыс 2026 жылғы 9 қаңтарда ұйымдастырылды.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген арнайы экономикалық аймақтарды, индустриялық аймақтарды дамыту және олардың қызметінің тиімділігін арттыру есебінен өңірлердің өнеркәсіп әлеуетін арттыру жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексерді.

Алматыда «Алатау» инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын аралау барысында Үкімет басшысы жоғары технологиялық өндірістерді дамыту, локализацияларды тереңдету және АЭА инфрақұрылымын кеңейту мақсатында жүргізіліп жатқан инфрақұрылым құру жұмыстарымен танысты.

Арнайы экономикалық аймақты инфрақұрылым жағынан қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлар туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов баяндады. «Алатау» инновациялық технологиялар паркі» АЭА жоғары технологиялық өндірістерге және R&D-ге арналған алаң ретінде дамуда. Оның қатысушыларының саны – 203 компания. Жұмыс істеп бастаған уақыттан бері резиденттер шамамен 399 млрд теңге инвестиция салған, 7,2 мың тұрақты жұмыс орны құрылып, 1 трлн теңге сомасында өнім өндірілген және қызметтер көрсетілген. Бүгінгі таңда АЭА аумағында құны 265 млрд теңге болатын 1000 жұмыс орны бар 24 жоба жүзеге асырылуда, соның ішінде 2025 жылы 355 жұмыс орны құрылған 19 млрд теңгелік 6 жоба іске қосылды.

Алматы қаласы әкімдігінің деректері бойынша АЭА аумағы іс жүзінде 94% толған, бос учаскелер 7,7 га құрайды, бірақ жұмыс істеу мерзімі 2027 жылдың аяғымен шектеліп отыр, бұл капиталды көп қажет ететін және ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыруды қиындатады және инвесторлар үшін тартымдылықты төмендетеді. Осыған байланысты өсу қарқынын сақтау және жоспарланған бастамаларды жүзеге асыру үшін Премьер-министр АЭА-ның пайдалану мерзімін ұзартуды және оның аумағын кеңейтуді, сондай-ақ жаңа жоғары технологиялық өндірістерді әртараптандыру және іске қосу жөніндегі міндеттерді ескере отырып, рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін толықтыруды тапсырды.



Премьер-министр Олжас Бектенов инвестициялық тартымдылықтың негізгі факторы ретінде АЭА мен инфрақұрылымдық дайындықты одан әрі дамытудың маңызын атап өтті. Бұл жұмысты еліміздің барлық өңірінде жүзеге асыру қажет. Бұл мақсатта Үкімет болашақ инвестициялық жобалар үшін инфрақұрылымдарды жаңа сапада жақсарту жөнінде шаралар қабылдауда. Әкімдіктер осы бағытқа жекеменшік инвестицияларды тарту бойынша жұмысты жандандыруы тиіс.

«Президент жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылында жоғары технологиялық жобаларды іске қосу үшін жағдай жасау қажет. Бұған қосалқы станциялар мен көлік желілерін қоса алғанда, қосымша инфрақұрылым құру кіреді. «Алатау» инновациялық технологиялар паркі» АЭА бүгінде технологиялық алаң ретінде жұмыс істеп тұр. Бірақ инвестициялық сұраныстың жоғары екенін ескере отырып, аймақты одан әрі дамыту қажет. Әкімдік Арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігімен бірлесіп, республикалық бюджетке тәуелділікті азайту үшін бюджеттен тыс қаражат тартып, халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық орнатуы тиіс» деп атап өтті Премьер-министр.

«Алатау» инновациялық технологиялар паркі» АЭА аумағында орналасқан NERO Group өндіріс алаңының базасында Премьер-министрге есептегіш құралдарының отандық өндірісін дамыту туралы баяндалды. Бүгінгі таңда кәсіпорынның өндіріс желісіне жылу, су, электр энергиясы мен газды есепке алу жүйелері мен құралдары кіреді. Жобаның құны – 1,5 млрд теңге, қуаты жылына 10 мың бірліктен асады. 65 жұмыс орны ашылды, қызметкерлердің жалпы саны – 150 адам. Компания өндірістік және инженерлік құзыреттерді, соның ішінде бухгалтерлік есеп пен мониторинг жүйелеріне арналған бағдарламалық жасақтаманы біріктіреді.

№6 (4904) 17/01/2026 Сенбі

«ХАЛЫҚТЫҢ СҮЙІКТІСІ» МАРАПАТТАЛДЫ

Елордада «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығының биылғы лауреаттарын марапаттау салтанаты өтті. Іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысып, «Жылдың мәдени жобасы» аталымында топ жарған «Жошы хан. Ұлы ұлыстың билеушісі» деректі-көркем тарихи фильмінің шығармашылық құрамына жүлде тапсырды.



Аталмыш сыйлық авторы әрі бас ұйымдастырушысы Ғалым Байтуктың айтуынша, биыл бұл сыйлық 15-рет иелерін тапты. Дауыс беру екі кезеңмен өтті. Алғашқысы Facebook желісінде, қорытындысы сыйлықтың ресми сайты арқылы жүргізілді. Осы жылы екі жаңа аталым – «Жылдың жастар көшбасшысы» мен «Жылдың медиа-тұлғасы» қосылды. Қоғамдық сенімді басты құндылыққа айналдырған бұл сыйлық жыл сайын ел өміріне елеулі үлес қосқан азаматтарды анықтайды. Биыл да білім, медицина, ғылым, спорт, мәдениет пен қоғамдық қызмет салаларындағы үздіктер халықтың тікелей таңдауы арқылы анықталды. Атап айтқанда, «Жылдың үздік мұғалімі» – Болат Аманқұлов, «Жылдың үздік дәрігері» – Индира Сарыбаева, «Жылдың үздік спортшысы» – Наталья Богданова, «Жылдың үздік тележүргізушісі» – Сағыныш Әбікей, «Жыл ғалымы» – Күнсұлу Закарья мен Аралбай Нұрман, «Жыл қоғам қайраткері» – Динара Құдайқұлова, «Жыл парламентшісі» – Үнзила Шапақ, «Жылдың мәдени жобасы» – «Жошы хан. Ұлы ұлыстың билеушісі» фильмі мен «Ботай» мемориалы, «Жылдың медиа-тұлғасы» – Асхат Аймағамбетов, «Жыл параспортшысы – Қуаныш Асқарбеков, «Жылдың жастар көшбасшысы» – Сұлтанбек Бекешев, «Жыл фермері» – Александр Закусилов, «Өңірлік бизнес көшбасшысы» – Талғат Салфиков. Бұған қоса, «Алтын дәуір», «Табыс пен даму», «Жыл меценаты», «Жылдың әлеуметтік бизнесі», басқа да арнайы аталымдар бойынша үздіктер анықталды.

ҮРКЕРДЕГІ ҮЛГІЛІ МЕКТЕП

Астана қаласының Үркер шағын ауданында орналасқан №33 жалпы орта мектептің ашылғанына бір жыл толуына орай «Келешек мектебі: ата-ана мен мектеп серіктестігінде тәрбие, білім және жасанды интеллект» атты салтанатты іс-шара өтті.



Оның аясында мектеп қабырғасында бірқатар жаңа білім беру және тәрбие кеңістігінің салтанатты ашылуы өтті. Атап айтқанда, оқушылардың патриоттық рухы мен азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған «Азамат» клубы және ұлттық құндылықтарды дәріптейтін «Мирас» этнокабинеті өз жұмысын бастады. Қатысушылар оқушылардың техникалық және инженерлік ойлау қабілетін дамытуға арналған робототехника және STEM кабинеттерінің жұмысымен танысып, мектепте жүзеге асырылып жатқан эксперименттік жобалардың нәтижесін көрді.

– Мұнда балалар өздерінің ғылыми бағыттағы жобаларын жүзеге асырып, қызығушылық танытқан пәндері бойынша жеке бағыттарын дамытып, ғылыми жобалармен айналыса алады. Мысалы, қыздарымыз өсімдіктерге қызығушылық танытып, жылыжайда өсімдік өсіру жобасын жүргізіп жатыр. Ал бағдарламалауға қызығатын оқушы өз бағыты бойынша IT мамандығы аясында түрлі бағдарлама жазып, білігін арттыруда. Бұл – STEM бағыты, яғни ғылым, технология, инженерия және өнердің өзара біріккен заманауи бағыты. Осы пәнаралық интеграция арқылы балалар тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық дағдыларын дамытады, зерттеу жүргізуді, жобамен жұмыс істеуді үйренеді, – дейді STEM зертханасы үйірмесінің жетекшісі Әйгерім Жұбантайқызы.

Салтанатты жиын мәдени бағдарламамен жалғасып, қатысушыларға арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды. Концерт барысында Үркер шағын ауданына арналған әннің тұсаукесері өтті.

Мақсат ЕРКІНҰЛЫ

УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Сарыарқа ауданында №86 жаңа учаскелік полиция бекеті пайдалануға берілді. Жергілікті атқарушы органның қолдауымен ашылған нысан учаскелік полиция қызметін сапалы атқаруға қажетті барлық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген.



Жалпы аумағы 96 шаршы метрді құрайтын бекетте азаматтарды қабылдау бөлмесі, кезекші инспекторларға арналған орын-жайлар және учаскелік полицейлердің жұмыс кабинеттері бар. Ашылу салтанатына Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев, Сарыарқа ауданының әкімі Жанасыл Шаукентаев, сондай-ақ прокуратура органдарының өкілдері қатысты. Іс-шара барысында Марат Төлебаев полиция мен тұрғындар арасындағы ашық диалогтың маңызын атап өтті. Оның айтуынша, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру полицияның халыққа жақын, қолжетімді әрі ашық болуымен тікелей байланысты. Қызмет көрсету аумағында колледждер, жоғары оқу орындары және жалпы білім беретін мектептер орналасқан. Бұл өз кезегінде жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы профилактикалық жұмыстың маңызын арттыра түседі. Жаңа учаскелік полиция бекетінің ашылуы – қоғамдық қауіпсіздікті нығайтып, аудан тұрғындары үшін полиция көмегінің қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Бекет қызметі азаматтардың өтініштеріне жедел ден қоюға және полиция мен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға негізделген.

Астанада 2026 жылы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» байқауы басталды. Ол халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін қоғам алдындағы өздерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға және арттыруға бағытталған.

БАЙҚАУҒА ҚҰЖАТТАР ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Байқау 4 номинация бойынша өтеді: «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын», «Үздік ұжымдық шарт», «Экологияға қосқан үлесі үшін». Өтінімдерді қабылдау 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін. Үміткерлер өз материалдарын қағаз түрінде және электронды форматта жолдайды. Толық ақпаратты 55-68-34, 55-68-05, 55-68-11 (Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы), 57-49-38, 57-49-35, 57-49-36 (Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті), 55-75-74, 55-75-81 (Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы) телефондары арқылы алуға болады.

ОҚУШЫ РЕКОРД ОРНАТТЫ

№17 мектеп-гимназияның 6-сынып оқушысы Алтынай Өтеубаева елорда мектептері оқушылары арасында кітап оқудан көш бастап тұр. 11 жастағы оқушы осы уақытқа дейін 853 кітап оқып, қала мектептері бойынша ең жоғары нәтижеге қол жеткізді.



Алтынай қазақ, орыс, ағылшын және француз тілдерінде еркін оқиды. Ол мектеп кітапханасындағы барлық кітапты оқып шыққан. Сонымен қатар үйінде жеке кітапханасы бар. Ата-анасының қолдауымен шетел әдебиеттеріне де қол жеткізіп, Англиядан арнайы кітаптар алдырып оқиды. Мамандардың айтуынша, мұндай жоғары оқу көрсеткіші баланың тілдік қорын байытып, ойлау қабілеті мен академиялық жетістіктерінің артуына оң әсер етеді. Көптілді ортада үздіксіз кітап оқу Алтынайдың білім көкжиегін кеңейтіп, зияткерлік дамуына серпін беріп отыр. Алтынай Өтеубаеваның жетістігі – жас оқырмандарға үлгі, ал кітапқа деген сүйіспеншілік – болашақта үлкен табыстарға жол ашатынының айқын дәлелі.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

13.01.2026 №510-92

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2025 жылғы 6 қазандағы №7194-25-00-4/2928 шешімінің негізінде, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» мемлекеттік мекемесіне «Сквер» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы» ауданы, «Облводстрой» СУИТК, №149 учаске мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0840 га, бағбандық үшін Оксана Валериевна Боеваға, Надежда Викторовна Юленковаға жалпы үлестік меншікке тиесілі, кадастрлық нөмірі 21-318-084-270 жер учаскесін 2026 жылғы 2 наурыздан бастап 2027 жылғы 2 наурызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иесіне мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесі және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта алып қойылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иесі алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж.Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі
Ж. Қасымбек

№6 (4904) 17/01/2026 Сенбі





ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ

Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 2024 жылғы 1 шілдеден 2025 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі қызметі қолданыстағы заңнамаға, регламентке және мәслихаттың жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Тұрақты комиссия мүшелері партия тізімі бойынша: Amanat партиясынан 2 депутат, «Ақ жол» ҚДП-нан 1 депутат, ал 5 депутат бір мандаттық сайлау округтерінен сайланған, олардың арасында 3 әйел және 5 ер адам бар. Барлығы да Amanat партиясына мүше. Тұрақты комиссияның төрағасы мен мүшелері арасында комиссияның негізгі қызмет бағыттары, сондай-ақ әкімдік басқармаларымен жұмыс істеу және үйлестіру, әкімдік жанындағы ведомствоаралық комиссияларға қатысу функциялары бөлінген. 2024 жылғы 1 шілдеден бастап тұрақты комиссия 25-тен астам отырыс өткізді, оның 12-сі – көшпелі отырыс. Тұрақты комиссия мүшелері әкімдік жанындағы 17-ден астам әртүрлі комиссия мен жұмыс топтарының құрамына кірген. Халық қалаулылары осы уақыт аралығында уәкілетті органдарға 351 депутаттық сауал жолдады, олардың 131-іне оң шешім алынды. Жұмыс жалғасуда.

Депутаттық сауалдар аясында алынған кейбір оң шешімдерге тоқталсақ, тұрақты комиссия төрағасының сауалдары негізінде зейнеткер Р.Ноғай сұрауы бойынша оның үйіне тегін сумен қамтамасыз ету жүргізілді. Сарыарқа ауданы әкімдігінің қолдауымен мүгедек баласы бар Асқар Болатұлына кәсіпкерлікке арналған орын берілді. Өтініш беруші Сәбира Есімхановаға Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы бірнеше жартылай жұмыс күнгі бос орындардың тізімін ұсынды, оның ұлы жүзу үйірмесіне резервке алынды. Сонымен қатар қаржылай көмек ретінде 40 мың теңге берілді. Сонымен қатар өтініш беруші Ләззат Қарақойшинаға бірнеше жартылай жұмыс күнгі бос орындардың тізімі ұсынылып, қаржылай көмек ретінде 40 мың теңге берілді.

Депутат Б.Смаиловтың сұраулары бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен №41 мектепке қосымша құрылыс салуға; «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының, М.Дулатов атындағы №68 мектеп-гимназиясының ғимараттарын жөндеу және қайта құруға; №85 «Мейіржан» балабақшасының ғимараты мен шатырын жөндеуге; аталған нысандарға жиһаз, медицина және ас үй жабдықтары, матрастар, төсек-орын жабдықтары және т. б. сатып алуға қаржы бөлінді. Көктал-2 шағын ауданынан Бас мешітке дейін қатынайтын №49 жаңа автобус маршруты іске қосылды. «Құтты мекен» ТК-де Н.Тілендиев даңғылы, 40 мекенжайында аула клубы ашылып, ағаш отырғызылды. Д.Бабатайұлы көшесіндегі №6, 8, 14, 18 үйлердің, Көктөбе (Көктал-1) және Кеңдала 2, 3 (Көктал-2) көшелеріндегі тұрғын үйлердің ауласында балалар және спорт алаңдары орнатылды.

Депутат С.Дженалаеваның сұраулары бойынша Ш.Жиенқұлова көшесі бойына жаңа шамдар орнатылып, іске қосылды. Ж.Тархан көшесі, 1/7 мекенжайында тұрған тұрғынның мүддесі қорғалып, оның үйінің жанында көпқабатты ғимарат құрылысын бастау кезінде құрылысшы үйді сатып алды. Ә.Сембинов көшесі, 10/1 мекенжайындағы тұрғын үй ауласы абаттандырылып, ғимараттың фасады жөнделді. Абай даңғылы, 97 мекенжайы бойынша асфальт қабаты төселіп, ақаулар жойылып, дублер бойымен қауіпсіз және ыңғайлы қозғалыс қамтамасыз етілді. А.Кравцов көшесі, 1/2 мекенжайында жасыл желекті күтіп-баптау бойынша кешенді іс-шаралар жүргізілді және аумақ абаттандырылды. А.Пушкин көшесі, 9 үйде төбе жөнделіп, шатырдан су ағу тоқтатылды. А.Жұбанов көшесі, 10 мекенжайындағы тұрғын үйде фасадтың қауіпті бөліктерін демонтаждау жұмыстары жүргізілді.

Депутат М.Әжікенованың сұраулары негізінде өтініш беруші Сұлушаш Сетейге әлеуметтік жоба аясында тігін цехын ашу үшін 150 м² кеңістік жеңілдетілген төлеммен берілді. Бұл жерде ол әлеуметтік жағынан осал топтағы әйелдерге тегін оқыту ұйымдастырды және жаңа жұмыс орындарын ашты. Сонымен қатар зейнеткерлерге тұрақты түрде тегін киім тігу көмегі көрсетілуде. Ш.Қалдаяқов көшесі, 44 мекенжайында (Ұлы дала-Ш.Қалдаяқов қиылысы, LRT астында) бағдаршам орнатылды. Х.Доспанова көшесі, 2/2 мекенжайында ұзындығы 200 м, ені 1,5 м жаңа жаяу жүргінші жолы салынды. «Шұғыла» балабақшасы мен «Bravo» ТК алдында жаңа жол бөгеттері орнатылып, бұл тұрғындар мен балалар үшін жол қозғалысының қауіпсіздігін едәуір арттырды. Ж.Нәжімеденов көшесінде аялдама белгісі орнатылды, қоғамдық көліктің қозғалыс жолағы белгіленді, жол жиегінде автокөліктерді қоюға шектеу енгізілді. №86 мектеп-лицей аумағының қоршауы орнатылды, мектеп алдындағы айналмалы жол жабындысы жаңартылды, жаңа жарықтандыру орнатылды.

Депутат Ж.Рақмет сұраулары бойынша Гёте көшесі мен Республика даңғылының бір бөлігін қайта құру жұмыстары жүргізілді. «Атырау», «Медик» қоғамдық алаңдарында, сондай-ақ 17-шағын ауданның 63 ауласында және 19 саябағында қалалық жабдықтарды ауыстыру, жол жабындысын қалпына келтіру, жаңа ойын және воркаут алаңдарын орнату жұмыстары жүргізілді. Бекетай және Ә.Молдағұлова көшелерінің қиылысында бағдаршам орнатылды.

Депутат Б.Төлеген сұраулары негізінде Ауған кварталына қосымша аялдамалар орнатылды, енді автобустар Қожа берген жырау, Сырым батыр және Исатай батыр көшелері арқылы өтеді. «Премьера» ТК-нің ауласы абаттандырылды. Жаңа ыңғайлы №100 мектеп жанында қосымша аялдама енгізілді. Зейнеткерлерге арналған мерекелік түскі ас ұйымдастырылды. Әрине, бұл – депутаттық сауалдар бойынша оң шешімдердің тек бір бөлігі ғана. Барлығы 394 қабылдау, оның ішінде мәслихаттың 101 қоғамдық қабылдауы, 129 партиялық-қоғамдық қабылдау, 164 жеке қабылдау өтті. Комиссия мүшелері бұқаралық ақпарат құралдарында да белсенділік танытады. Газеттер мен журналдарда – 194; әлеуметтік желілерде (Facebook пен Instagram) – 3059; телеэфирлерде – 21; 400 видеоролик шығарылды.



Жұмыс барысында депутаттар тұрғындармен, мекемелермен, кәсіпорындармен және ұйымдармен 252 кездесу өткізді. Барлық депутат мүмкіндігінше тұрақты түрде қайырымдылықпен айналысады, өз сайлау округтеріндегі қиын жағдайда қалған отбасыларға көмек көрсетеді. Мәселен, депутат Бахаргүл Төлеген Үркер шағын ауданында инсульт алған азаматқа автоматты түрде басқарылатын мүгедектік арба сатып алды. 2024 жылғы шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін тұрақты комиссия қаладағы туристік саланы дамыту, индустриалды парктегі №1, №2 инженерлік инфрақұрылым бойынша өз сұрақтарын қойып, жауап ала алды. Тұрақты комиссия мүшелерінің басым бөлігі Amanat партиясының мүшелері болғандықтан, Астана қаласы бойынша «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жол картасының 126-тармағының 57-тармағына жауапты. Есепті кезеңде жол картасының жүзеге асуына депутаттар лайықты үлес қосты.

Бағдарлама аясында барлығы 72 тармақ орындалды, 54 тармақ орындалу кезеңінде. Бірінші бағыт – «Кірістерді арттыру» бойынша 23 тармақ қарастырылған, оның 15 тармағы орындалды, 8 тармағы қаралуда. Екінші бағыт – «Тұрмыс сапасын жақсарту» бойынша 27 тармақ қарастырылған, оның 20 тармағы орындалды, 7 тармағы қаралуда. Үшінші бағыт – «Тұрмыс шараларын жақсарту» бойынша 66 тармақ қарастырылған, оның 33 тармағы орындалды, 33 тармағы қаралуда. Төртінші бағыт – «Экологиялық жағдайды жақсарту» бойынша 10 тармақ қарастырылған, оның 7 тармағы орындалды, 3 тармағы қаралуда.

Тұрғындар сұраулары мен жол картасын орындау барысында тұрақты комиссия мен жалпы мәслихат жұмысына айтарлықтай үлес қосқан депутаттар – бір мандатты депутаттар Бауыржан Смаилов, Салтанат Дженалаева, Мәдина Әжікенова және Бахаргүл Төлеген есімдерін ерекше атап өтуге болады. Заңнама өзгерістеріне сәйкес, олар жыл сайын сайлаушылар – Сарыарқа, Байқоңыр, Алматы, Нұра және Сарайшық аудандары тұрғындары алдында есеп береді. Жақында депутат Ж.Рақмет өз округінде кездесу өткізіп, есебін берді. Комиссия мүшелерінің арасында қала дамуына қосқан үлесі үшін мемлекеттік марапаттау алғандар да бар: Салтанат Мұхамбетпанқызы және Жанаргүл Жұмабайқызы 2024 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталса, Мәдина Берікболқызы 2025 жылы «Шапағат» медалімен марапатталды. 2024 жылы мәслихаттың 30 жылдығына орай депутат Бауыржан Амангелдіұлы «Құрметті депутат» төсбелгісіне ие болса, кейбір депутаттар Сенат төрағасының марапаттау қағазын алды. Негізі, тұрақты комиссия мүшелері алдағы мерзімде не істеу, қалай істеу керек екенін, қай мәселеге басымдық таныту қажет екенін біледі. Жалпы әкімшілік – біздің басты әріптесіміз. Астана қаласы тұрғындарының әл-ауқатын жүйелі түрде жақсартып, бірлесіп жұмыс істеуді қарқынды жалғастырамыз.

Кендебай АДАМБЕК,
Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы

№6 (4904) 17/01/2026 Сенбі

Сұлтан СЕЙІТ



ЖОЛДАР ҚАЛАЙ ЖӨНДЕЛДІ?

Астана қаласында көше-жол инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен әрі жоспарлы түрде жүзеге асып келеді. Халық санының артуы және көлік ағынының көбеюі жол желісін үнемі жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты елордада жаңа жолдар салу, қолданыстағы көшелерді қайта жаңғырту және орташа жөндеу жұмыстары қолға алынған.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Қала әкімдігінің ресми мәліметіне сәйкес, 2025 жылы Астана аумағында 14 шақырым жаңа жол салынды. Сонымен қатар 60 шақырым көше орташа жөндеуден өтті. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде елорданың көше-жол желісінің жалпы ұзындығы 1091 шақырымға жетті. Бұл көрсеткіш қаланың көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында жүйелі саясат жүргізіліп жатқанын аңғартады.

Былтыр жүзеге асқан ірі жобалардың бірі – сегіз жолақты Ш.Айтматов көшесінің пайдалануға берілуі. Аталған көше қаладағы негізгі магистралдардың бірі саналатын Тұран даңғылындағы көлік жүктемесін 12 пайызға азайтуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде қаланың солтүстік-батыс бөлігіндегі көлік қозғалысы біршама реттеліп, кептеліс деңгейі төмендеді. Мамандардың айтуынша, жаңа көлік дәлізі қала ішіндегі ағынды тиімді бөлуге және жол жүру уақытын қысқартуға оң әсер етуде. Сонымен қатар Қ.Қайсенов көшесінен Ұлы дала даңғылына және Бұқар жырау көшесіне дейінгі бөлігінде көлік қозғалысы ашылды. Бұл бөлімшеде заманауи талаптарға сай инфрақұрылым қалыптасып, бағдаршамдар орнатылды, жол белгілері қойылды, жарықтандыру жүйесі жүргізілді. Абаттандыру жұмыстары да назардан тыс қалмай, жаяу жүргіншілерге қолайлы орта жасалды. Ал Бұқар жырау көшесінен әл-Фараби даңғылына, онымен қиылысқан Жошы хан көшесіне дейінгі аралығы толықтай жаңғырып, сәулеттік және функционалдық тұрғыдан жаңа келбетке ие болды. Д.Қонаев көшесінен Тұран даңғылы бойына, сонымен қатар Қабанбай батыр даңғылына дейінгі бөлімде көлік қозғалысы қайта жанданды. Бұл нысанда жерүсті бөлігіндегі негізгі құрылыс жұмыстары толық аяқталып, жаңа асфальт жамылғысы төселді. Жолақтар сызылып, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық қажетті белгілер орнатылды. Аталған көшенің ашылуы қала орталығындағы көлік ағынын қайта бөлуге мүмкіндік берді. А62 көшесінің Астана-Қарағанды тасжолынан А91 көшесіне дейінгі бөлігінде де жол-құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып, қозғалыс жолдың толық ені бойынша қамтамасыз етілді. Бұл бағыт қалаға кіреберіс жолдардың бірі болғандықтан, оның сапалы болуы көлік қозғалысы үшін аса маңызды. Сондай-ақ Қ.Мұхамедханов көшесінде, Ш.Айтматов көшесінен Қорғалжын тасжолына дейінгі жаңа бөлікте көлік қозғалысы ашылды. Қазіргі таңда бұл аумақта абаттандыру жұмыстары жалғасып жатыр. Күйші Дина көшесінен М.Жұмабаев көшесіне, одан Абылай хан даңғылына дейінгі бөлігінің құрылысы да толығымен аяқталды. Жоба аясында сапалы жол төсемі салынып, жарықтандыру жүйесі орнатылды. Сонымен қатар автотұрақтар жасалып, жол қозғалысын реттейтін белгілер қойылды. Бұл көше маңындағы тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарға қатынауды едәуір жеңілдетті. Әйтеке би көшесінен Сығанақ көшесіне және Қ.Мұхамедханов көшесіне дейінгі аралықта көлік қозғалысы қамтамасыз етілді. Қазіргі уақытта бұл учаскеде уақытша жол белгілері орнатылған. Барлық жұмыс бекітілген жобасмета құжаттамасына сәйкес жүргізілуде.

Т.Рысқұлов көшесінен Мәңгілік ел даңғылына, сонымен қатар Нұра арнасына дейінгі учаске пайдалануға берілді. Бұл жобаның ерекшелігі – жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге қолайлы инфрақұрылымның қарастырылуы. Атап айтқанда, велосипед жолақтары бар кең тротуарлар салынды, заманауи бағдаршамдар мен көше жарығы орнатылды.

Орташа жөндеу аясында Ш.Қалдаяқов көшесінен Тәуелсіздік даңғылына, жалғасқан Арыс көпіріне дейінгі бөлігінде жол жамылғысы жаңарды. Сонымен қатар Ұлы дала даңғылының әл-Фараби көшесінен Жошы хан көшесіне дейінгі және Мәңгілік ел даңғылынан Қабанбай батыр даңғылына дейінгі учаскелерінде де жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл даңғылдар қаладағы негізгі көлік артериялары болғандықтан, олардың сапалы болуы қозғалыс қауіпсіздігі үшін маңызды. Сондай-ақ орташа жөндеу жұмыстары Алаш пен Қорғалжын тасжолдарында, Керей мен Жәнібек хандар, А.Герцен көшелерінде, Тәуелсіздік, Абылай хан және Б.Момышұлы даңғылдарының бірқатар учаскесінде толық аяқталды. Жөндеу барысында жол жамылғысы жаңарып қана қоймай, су ағар жүйелері реттеліп, жол белгілері мен таңбалар қайта сызылды.

Қаланың көлік инфрақұрылымын дамыту аясында қоғамдық көлік жүйесіне де ерекше көңіл бөлінуде. 2025 жылдың күзінде LRT желісі сынақ режимінде іске қосылды. Қазіргі уақытта желі бойында абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. LRT толық пайдалануға берілгеннен кейін қолданыстағы автобус маршруттары қайта қаралып, көлік қатынасының тиімділігі артады деп күтілуде.

Бұдан бөлек, былтыр елордада 5 жаңа автобус маршруты іске қосылды. Ал биыл тағы 8 бағыт ашу жоспарланып отыр. 2025 жылы қала үшін 422 жаңа автобус сатып алынып, қоғамдық көлік паркі 1749 бірлікке жетті. Қазіргі таңда автобустардың орташа қолданылған мерзімі 5,3 жылды құрайды. Соңғы 2 жылда қоғамдық көліктің 48 пайызы жаңарып, қызмет көрсету сапасы айтарлықтай жақсарды.

Жалпы алғанда, Астанада жүзеге асып жатқан жол-құрылыс және көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары қаладағы көлік қозғалысын оңтайландыруға, кептелісті азайтуға және тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз қалалық орта қалыптастыруға бағытталған. Бұл іс-шаралар елорданың тұрақты дамуына және өмір сапасының артуына өз үлесін қосуда.



ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАНЫ ТЕКСЕРУ КЕРЕК

Қазіргі таңда интернет пен онлайн-ойын платформалары балалар мен жасөспірімдердің күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Солардың бірі – Roblox онлайн-платформасы. Қазіргі таңда Roblox сөзін білмейтін бала жоқ.

Бұл – пайдаланушыларға өз ойындарын құруға, виртуалды әлемде қарым-қатынас жасауға және басқа ойыншылармен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беретін халықаралық платформа. 2025 жылғы ашық дереккөздерге сәйкес, Roblox платформасына кіретін күнделікті белсенді қолданушылар саны – 150 миллионға жуық. Пайдаланушылардың басым бөлігін кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдер құрайды.

Ата-аналар, педагогтар және халықаралық сарапшылар тарапынан Roblox ойынының балалар психикасына кері әсер етуі мүмкін екені туралы алаңдаушылық жиі көтерілуде. Атап айтқанда, виртуалды тәуелділік, агрессивті мінез-құлық, шынайы өмірден алшақтау, сондай-ақ жас ерекшелігіне сай келмейтін контентпен бетпе-бет келу фактілері кездеседі. «Ойыннан от шығар» демекші, балалардың психологиялық дамуына мұндай факторлардың әсері ұзақмерзімді теріс салдарға әкелуі ықтимал.



Сонымен қатар Roblox сияқты ашық онлайн-платформаларда кәмелетке толмаған балаларға қатысты қылмыстық ниеті бар тұлғалардың, соның ішінде педофилдер мен алаяқтардың белсенді әрекет ететіні туралы деректер бар. Олардың тактикасы қарапайым, алайда хирургиялық дәлдікпен жасалатындай. Алдымен ойындағы виртуалды чат арқылы баланың сеніміне кіріп, кейіннен Roblox-тан Telegram-ға көшіп, құпия кездесуге шақырады және аяғы қайғылы оқиғамен аяқталуы мүмкін. Ал алаяқтар дәл осылай баланың сеніміне кіріп, оған сыйлық беруге уәде беріп, ата-ана картасының нөмірін және SMS-кодты сұрайды. Бала сеніп, айтқандарын орындайды, нәтижесінде картадан ақша шешіп алады. Әрине, компания «балаларға ең қауіпсіз орта жасаймыз» деп жар салудан жалығар емес. Бірақ секундына 50 мыңнан астам хабар ағылып жатқан ортаны толық бақылау мүмкін емес.

2025 жылдың 18 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов берген жауабында: «Біз Roblox-ты блоктау немесе шектеу мәселесін қарастырмаймыз» деп айтқан болатын. Бұл ретте «Баланың құқықтары туралы» ҚР заңына сәйкес, мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар баланы оның денсаулығына, имандылық жағынан және рухани дамуына зиян келтіретін әлеуметтік ортаның, ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғауға міндетті (36-бабы 1-тармағы). Roblox платформасының балалар қауіпсіздігіне, психологиялық дамуына және контенттің бақылаусыздығына байланысты бірқатар мемлекет қатаң іс-шара қабылдауда. Атап айтқанда, Түркия, Қатар, Ресей, Қытай, Иран, Солтүстік Корея және басқа да мемлекеттерде аталған платформа бұғатталды.

Осы тұста хакім Абай: «Бала тәрбиесі – басты байлығың, кешіксең – көретінің қайғы-мұң» деп айтпақшы, біз тек ел ішінде қандай да бір қайғылы жағдай орын алғаннан кейін ғана әрекет етуіміз керек пе деген сұрақ туындайды. Ал Қазақстанда не себепті әлі күнге дейін аталған платформаға қатысты ұқсас шектеу немесе терең сараптамалық бағалау жүргізілмей отырғаны түсініксіз күйінде қалып отыр.

Осыған орай, құзырлы органдардан мынадай сұрақтарға ресми жауап берулеріңізді сұраймын:

1. Қазақстан Республикасында Roblox платформасының балалар мен жасөспірімдерге тигізетін психологиялық және әлеуметтік әсеріне қатысты арнайы зерттеулер жүргізілді ме?

2. Өзге елдерде Roblox платформасын бұғаттау тәжірибесін ескере отырып, Қазақстанда бұл платформаның қызметін шектеу немесе қосымша бақылау тетігін енгізу мәселесі қарастырылып жатыр ма?

3. Балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында нақты қандай алдын алу шаралары қабылданып отыр?

4. ІІМ, Бас прокуратурада онлайн-ойын платформалары арқылы алаяқтық, бопсалау сияқты құқық бұзушылық факторлары тіркелген бе?

Үнзила ШАПАҚ,
Мәжіліс депутаты

№6 (4904) 17/01/2026 Сенбі

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

СУ ҮНЕМДЕУДІ САНАҒА СІҢІРУ КЕРЕК

Жуырда өткен Үкімет отырысында Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажкенов Мемлекет басшысының тапсырмасының орындалу барысы туралы есеп беріп, ауыз сумен қамту саласындағы бүгінгі ахуал мен алдағы жоспарларды ортаға салды.

Қуандық Қажкеновтің мәліметінше, су жабдықтау инфрақұрылымын дамыту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілген. 2021 жылдан бастап тапсырма орындалу мерзімінде бюджеттен шамамен 835 млрд теңге бөлінген, оның ішінде қалаларға – 314 млрд теңге, ауылдарға – 521 млрд теңге, жалпы 1,6 мыңнан астам жобаны жүзеге асыруға бағытталған. «Үкімет тарапынан қаржыландыру мәселесі толық шешілді. Осы қаражат есебінен 34 қала мен 756 ауылдық елді мекен орталықтандырылған ауыз сумен қамтылды. Жергілікті атқарушы органдардың мәліметі бойынша, қазіргі таңда Мемлекет басшысының тапсырмасының мақсатты көрсеткіші толық орындалып, еліміздің барлық елді мекендері – 90 қала мен 6087 ауылдық елді мекен, жалпы 7,5 млн адам 100% ауыз сумен қамтамасыз етілген» деді вице-министр. Министр айтқан дерек бойынша, 4747 ауыл орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылған (ауылдық халықтың 96%). Тағы 1340 ауыл децентрализденген ауыз су жүйесімен қамтылған (ауылдық халықтың 4%).

Қазақстан су ресурстары жағынан бай мемлекеттер қатарында емес. Жыл сайын су тапшылығы мәселесі еліміздің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығына кері әсерін тигізіп келеді. Бұл – ел аумағының табиғи ерекшелігі ғана емес, сонымен бірге су ресурстарын тиімсіз басқарудың салдары. Мәселен, Қазақстан әлемдегі 179 елдің ішінде су қоры бойынша 66-орында тұр. Жан басына шаққандағы су тұтыну көлемі бойынша 11-орында. Тұтынылатын судың жалпы көлемінің 4%-ы шаруашылық пен ауыз су қажеттілігіне, 26%-ы өнеркәсіп қажеттілігіне, 70%-ы ауыл шаруашылығына арналған.

Деректерге сүйенсек, еліміздегі тұщы судың қоры 539 млрд текше метрді құрайды. Мұның 101 млрд текше метрі өзендерге тиесілі. Ал ол өзендердің 19 пайызы Қытайдан келсе, қалғаны Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдеріне тиесілі. Былайша айтқанда, Қазақстандағы тұщы судың 45 пайызын басқа елдерден келетін өзендер құрайды. Бұл – бүкіл суымыздың тең жартысына жуығы шетелден келеді деген сөз. Оның үстіне соңғы кездері Қытай елі Ертісті бұрып, Ілені бөгеп алғалы елдегі су мәселесі арта түсті. Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей елдері де әр жылы суды қысып беріп, төменгі ағарда отырған біздің елдің дихандары ұдайы зиян тартып келе жатқаны жасырын емес.

2023 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев су мәселесіне арнайы тоқталып: «Ел экономикасын тұрақты дамытуға су тапшылығы қатты кедергі болып отыр. Қазір бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Сырттан келетін су азайып барады. Сол судың өзін тиімсіз пайдалану жағдайды одан әрі ушықтыруда» деп атап өтті.

Президент судың 40 пайызының құмға сіңіп, ысырап болатынын, инфрақұрылымның ескіргенін, цифрландырудың төмендігін, сала мамандарының тапшылығын ерекше атап, осы саланы реформалауға Үкіметке нақты тапсырмалар жүктеген еді. Жолдауда айтылғандай, су тапшылығы ендігі жерде табиғи апат немесе кездейсоқтық емес, ұлттық қауіпсіздіктің басты факторына айналды.

Су тапшылығы бүгінде Астанада да өткір сезіле бастады. Бас қаланың жылдам өсу қарқыны инженерлік инфрақұрылымның үлгеру мүмкіндігінен асып түсті. Қалада алғашқы су сүзу станциясы 1960 жылдары іске қосылса, екіншісі араға жарты ғасырдай уақыт салып, 2011 жылы пайдалануға берілді. Бірақ олардың қуаты халық саны мен құрылыстың қарқынды өсуіне сай келмей қалды.

2021 жылдан бастап «Астана» су қоймасынан су тартатын жаңа құбыр желісі мен №3 сорғы-сүзгі станциясының (3-ССС) құрылысы басталды. Қуаты тәулігіне 105 мың текше метр болатын бұл станция 2024 жылы іске қосылды. Қазір Астанадағы осы №3 сорғы-сүзгі станциясы (қуаты – 410 мың текше метр/тәу.) қала тұрғындарының су тұтыну қажеттілігінен толық шығып тұр. Статистика мәліметтеріне сүйенсек, бүгінде елорда тәулігіне 330 мың текше метрге дейін су тұтынады.

Алаңдаушылық тудыратын жайт – болашақта суды тұтыну көрсеткіші күрт өседі. Бас жоспарға сәйкес, Астананың суға деген тәуліктік сұранысы алдағы 10 жылда 700 мың текше метрге дейін жетуі мүмкін. Бұл – қазіргі деңгейден екі есе көп. Мысалы, 2007 жылы Астанада су тұтыну мөлшері 43,5 млн м³ болса, 2012 жылы – 60 млн м³, 2020 жылы – 105 млн м³, 2023 жылы 122 млн м³-ге дейін артқан. Яғни соңғы 15 жылда тұтыну шамамен үш есеге өскенін ескерсек, алдағы уақытта бұл көрсеткіш көбейместе, азаймайтыны анық.

Астананың бас ауруына айналған тағы бір мәселе – құрылыс қарқынының шектен тыс үдеуі. Елде жыл сайын пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі бойынша Астана бірінші орында. Жылына 3 млн шаршы метрден астам тұрғын үй және коммерциялық ғимараттар салынады. Бұл нысандарды сумен, жылумен, электр қуатымен қамту аса қиын.

Құрылыс тек құрылыс емес, ол судың да, энергияның да, инфрақұрылымның да тұтынушысын көбейтеді. Қаланың тығыздалуы, жаңа шағын аудандардың көбеюі – су тапшылығы мәселесін ушықтыратын басты факторлардың бірі.

Астанада су тапшылығын болдырмау үшін алдағы жылдарға жоспарланған ірі инфрақұрылым жобалары бар. Соның бірі – қуаты тәулігіне 210 мың м³ су беруге қауқарлы №4 сорғы-сүзгі станциясының құрылысы. Бұл нысан Қаныш Сәтбаев атындағы каналдан тартылатын екі құбыр арқылы сумен қамтылмақ.

Бүгінде «Астана» су қоймасы (жобалық көлемі – 410,9 млн м³) – қаланың басты су көзі. Ол Есіл өзенінің ағынына тәуелді. Көктемгі су тасқынының аз-көптігі қойманың толуына тікелей әсер етеді. Сондықтан қосымша ресурс ретінде Қаныш Сәтбаев каналынан 19,7 шақырым су құбырын тартып, Ертіс өзенінің суын Астанаға жеткізу өте маңызды шешім болар еді.

Су – тек Астана ғана емес, тұтас Орталық Азия аймағына ортақ мәселе. БҰҰ Азықтүлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) дерегінше, Орталық Азия елдерінде су тапшылығынан бұрын суды үнемсіз пайдалану өзекті болып отыр. Аймақ мемлекеттері суды тым көп, бейберекет жұмсайды. Мысалы: Түрікменстан жан басына шаққанда – 5319 м³, Қазақстан – 2345 м³, Өзбекстан – 2295 м³, Қырғызстан – 1989 м³, Тәжікстан 1895 м³ суды жыл сайын тұтынады. Оның үстіне бұл елдерде ауыл шаруашылығына пайдаланатын су мөлшері дамыған елдерден 2,5-3 есе артық. Судың 90 пайызы дәнді дақылдарды суаруға жұмсалады.

Ауыз судың сапасы да су тапшылығы мәселесіне айрықша әсер етеді. Нақтырақ айтқанда, Астана тұрғындарының көбі ауыз судың сапасына көңілі толмай, үйіне сүзгіш (фильтр құрылғысы) орнатып алған. Яғни ауыз су сапасының төмендігі халықты амалсыздан жеке фильтрлерге көшуге итермелеп отыр. Алайда мұндай құрылғылардың көбі суды тазартып қана қоймай, ысырап ету арқылы жұмыс істейді. Мысалы, кері осмос технологиясымен жұмыс істейтін кейбір сүзгілер 1 литр таза су алу үшін 3-5 литр суды ысырап қылады. Бұл экологиялық та, экономикалық та тұрғыдан тиімсіз. Әсіресе су ресурсы шектеулі ел үшін күрделі жағдай.

Ауыз су сапасына қатысты мәселенің түбегейлі шешімі – жеке сүзгілерге тәуелділікті азайтып, қоғамдық су тазалау жүйесін жаңғырту мен заманауи технологияларға көшіру. Мемлекет тарапынан орталықтандырылған су тазарту қондырғыларын халықаралық стандарттарға сай жетілдіру, су сапасына тұрақты мониторинг жүргізіп, оны ашық түрде жариялап отыру халықтың сенімін арттырып, фильтрлерге деген қажеттілікті төмендетеді. Сонымен қатар жеке сүзгілерді пайдаланушыларға су үнемдеуші технологияларды қолдануды ұсыну, тіпті ынталандыру су ысырабының алдын алудың тағы бір тетігі болмақ. Бас қаладағы су мәселесін шешуде бұл түйінге назар аударған жөн.

«Судың да сұрауы бар» дегендей, Қазақстанда суды үнемдеуге бет бұратын уақыт жетті. Әсіресе заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу ауыл шаруашылығының дамуына жаңа серпін беріп қана қоймай, судың ысырап болуының алдын алатыны анық.

Астана сияқты ірі қалалардың тұрғындары су үнемдеу мәдениетін күнделікті тұрмыста суды саналы пайдалану, су үнемдейтін технологияларды қолдану, ағып тұрған крандарды уақытында жөндеу, аз су қажет ететін көгалдандыруды дамыту және экологиялық білімді арттыру арқылы қалыптастырады. Яғни жеке жауапкершілік пен қоғамдық белсенділік ұштасқанда ғана қаланың су ресурстарын тиімді сақтауға мүмкіндік береді.

Ірі қалаларда ластанған суларды тазалап, қайта пайдалану, құдықтардың тереңдігін бақылау, жерасты суын сақтау – осы бастан қолға алатын маңызды қадамдардың бірі. Өйткені XXI ғасырдың қымбат «тауары» – су. Яғни бұл ғасырда мұнай мен газ емес, ең құнды ресурс су болатыны анық. Сондықтан суды сақтау, қорғау, үнемдеу – тек Үкіметтің емес, әр азаматтың парызы. Астана – елдің жүрегі. Оның тынысы тарылса, Қазақстанның да болашағы бұлыңғыр. Сондықтан елордадағы су тапшылығы мәселесіне қазірден көңіл бөлмесек, ертең бәрі де кеш болуы мүмкін...

2021 жылғы 2 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы 5 жыл ішінде елді таза ауыз сумен қамтамасыз етуге тапсырма берген болатын. 2024 жылғы 11 маусымда Премьер-министр Олжас Бектенов халықты сапалы ауыз сумен 1,5 жыл ішінде толық қамту міндетін қойған. Бұл – ел үшін стратегиялық маңызы бар, халықтың тұрмыс сапасын тікелей айқындайтын маңызды міндет. Осы мақсатта ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі су ресурстарын тиімді пайдалану, су ысырабын азайту және үнемдеу технологияларын енгізу бағытында бірқатар нақты шараларды қолға алған еді.



ЕЛІМІЗДЕГІ ТҰЩЫ СУДЫҢ ҚОРЫ

539 млрд

ТЕКШЕ МЕТРДІ ҚҰРАЙДЫ.

АСТАНАДА СУ ТҰТЫНУ МӨЛШЕРІ:

2007 ЖЫЛЫ
43,5 МЛН М³

2012 ЖЫЛЫ
60 МЛН М³

2020 ЖЫЛЫ
105 МЛН М³

2023 ЖЫЛЫ
122 МЛН М³



АЙФОН ҰСТАУ АБЫРОЙ МА?

Қазір қоғамда құндылықтар түбегейлі өзгерді. Тіпті адам жанының, рухының, адамдық қадір-қасиетінің құны да арзандап барады. Өйткені бүгінде көпшілік үшін басты байлық – арзан абырой, мәнсіз атақ пен жылтыраған сыртқы көрініс.

Шапағат ӘБДІР

Қарапайым халықтың күнделікті өміріне қарап-ақ, сол ұлттың мәдениетін, қоғамның әлеуметтік деңгейін және мемлекеттің жалпы әлеуетін аңғаруға болады. Ендеше қазақ бай ма, кедей ме? Оның жауабын да алыстан іздеп керегі жоқ.

Әдетте, автобусқа мінсеңіз, жолаушылардың басым көпшілігі қолына соңғы үлгідегі iPhone ұстап алғанын көресіз. Сосын «Қымбат телефон, бренд киім киген бұл адамдар неге қоғамдық көлікпен жүр? Егер тұрмысы айфон ұстауға лайықты болса, неге жеке көлікпен жүрмейді?» деген ойға қаласыз...

Мүмкін шынымен де жағдайлары жақсы, бай болғаннан кейін, қарапайымдылығын көрсетіп, автобуспен жүрген шығар деп тағы ойланасыз. Бірақ сол адамдардың кейбірі кейде біреуге хабарласып: «мың теңге салып жіберші» деп немесе өзіңе келіп «интернетімнің тарифі бітіпті, Wi-Fi қосып жіберші» дегенін естігенде аярыңды да, мүсіркеріңді де білмейсің...

Әрине, қымбат телефон ұстау – күнә емес. Бренд киім кию де артықтық емес. Бірақ олар иесіне қызмет етуі керек. Айналып келгенде, сен алған материалдық дүниеңнің қарызын қайтарып, оған құл болып қызмет етпе, қайта материалды өзіңе қызмет еткіз. Ал егер тек елдің көзіне жақсы көрінуді ойлап, ай сайын сол үшін қарызға батып, несие төлеп отырсаң, бұл адасушылық.

Тұрақты жұмысы немесе бір кәсібі жоқ кей жастарға қарап тұрсаң қазір қарыздану ұят емес, бірақ қымбат телефон ұстамау ұят секілді. Бұл – рухани жұтаңдықтың, жалған беделге ұмтылудың ең қауіпті түрі. Ауылдағы ата-анасы қара шай мен қара нанмен күнелтіп отырса, баласының қалада солардың соңғы тиынын жинап, айфон мен бренд киім алуға жұмсауы және сол арқылы өзін «заманға сай», «заманауи адам» сезінуі – ұят іс. Мұның түп-төркіні – тәрбие мен санада. Егер жастардың бойына дұрыс құндылық дарытпасақ, рухани байлықтың не екенін ұқтырмасақ, ертеңгі ұлттың болашағы туралы не айтасыз?

Сондықтан, ойланайық. Нағыз абырой – айфонда емес, адамдықта. Сенің мәдениетің мен біліміңде. Нағыз сән – шетелдік киімде емес, жүректегі ізгілік пен адал еңбекте.

Жақау, міне, шығармасын бастардағы өзіне ғана мәлім бұлқыныс күйінен енді-енді бұлттан аршылған күннің көз қарықтырар сәулесіндей жойқынның ырқына бағынып кететінін сезді де миығынан жымиды. Шыда-а-а, сәл сәт! Қара үзгендей боп, әдетті тайпалысына түседі. Сөз сараланып, сабасымен түйдектеле арналы ағысымен жөңкіледі. Тілден қармақ тасталып, уыз ойдың ең сүбелісі сүзіледі. Сюжет, оқиға түрлене, тылсымдана түйреліп қанжығасына байланып жатады. Көркемдік желісі туған Аралына желкенін құрғандай толқын бұзып, түйсігіндегі ұялаған мың қатпар қазыналы ойларын ауға қармалған балықтай етіп, ақ қағазына топырлата тастай береді, тастай береді...

Енді Жақауды тоқтатып көр! Кеудесімен көрбілте тосқауылдарды былай ысыра салады. Не түрлі тежегіш кесапаттарың адыра қалады... Өйткені ол жүрек ісіне сенеді, кәсібін біледі, әккі қаламсабы адамзаттың інжу-маржанын іледі. Бүйтпесе, Жақау осы күнгі жарқын жазушы атанар ма? Оқырманының сүйіктісіне айналар ма? Қане, тізіп көрелік, мына шығармалар жазушы өмірінің шұғыласы емес пе?

Бармақ бүгіңіз: «Бөгенауыл балалары», «Алғашқы сабақ», «Шұғылалы шақ» арқылы оқырмандарын елең еткізді. Төселе келе тегеурінділік танытқан «Күн ұясы», «Саяқ» («Соғыс ойыны») хикаяттары үшін «Жалынның» дәстүрлі республикалық жастар мен балаларға арналған сыйлығына ие болды. Осы екі шығармасы автордың шашбауын көтере түсіп, өз аттарымен-ақ Жақаудың есімін бажайлап меңзетіп, баяғы «Абай жолы», «Қазақ солдаты», «Ботагөз», «Шұғаның белгісі» секілді дара тағдырлы күй кештірді, абыройын еселеді. Жазушы ныспысын ауызға алмаса да «е-е, бұл Дәуренбековтің дара галереясынан» дегізерлік мадаққа негізделген сыр-сипат иеленді. Оқшау қолтаңба десеңіз де жарасады.



ТҰЫНДЫЛАР ТЫЛСЫМЫ

Әрі кеттік: «Ауылым – алтын бесігім», «Бір нәзік сәуле», «Айтыңыз құтты болсын!», «Менің елім – Қазақстан», «Жағалау», «Шағала» секілді өз болмысын ежіктеусіз-ақ айғақтап тұрған дүниелер шеберлік шеңберін лықсыта керіп, шалқарлы айдынға ұласқаны, қандай ғанибет. Тұшындыратын тың белесті туындылар жанашырларын таңырқатпай қоймады. Тіл үйірер зәмзәмді бір ұрттаған пенденің аңсарын тежеу тетігі жоқ шығар. Әдеби әлемі әркелкіленіп, мазмұны мен көркемдігі келістілікпен бедерленген Жақау жазушыдан көксеулі кітаптарын күткендер алаңкөңіл күйге енді. Еленделеді. Тағатсыздана тыпыршыды. Рухани өміріне қажетті нәрін алуға үміттенді. Күткен кенеледі екен, тапты. Жақау таңырқатты. «Сөз киесі» мен «Ойдауа» сөрелерге кеп жайғасты. Олардың мәйегіне мелдектеген оқырман ықыласында шек жоқтай. Авторға хаттар қарша борады. «Өзіңіз «Ана тілі» баспасын басқарып отырсыз, көптеп шығарып, түкпірдегі ауылдарға жеткізіңізші» деген ақ-адал сұраныс мәселенің байыбына бармаса да жазушының айдынына құмарланып құлаш ұруға ниетті еді. Оқырмандардың ақ тілеулі пікір-ұсыныстарына бейқам қарау баспагер-жазушының ғадетіне жат, мемлекеттік тапсырысқа алақан жайып отырса да бір оңтайын табуға құшырланады. Халықтың қажетіне жарап, өтемін өтеп жүргеннен артық не бақыт бар? Бір белгілі асаба «Сіздің кітаптарыңыздағы маржан сөздермен тойшылардың мейірін қандырып жүрмін, аға, қарыздармын!» деп құшағына алсын. Сенер ме, сенбес пе? Жұтқыншағын ойнатып, жегізіп айтсын: «Халықтың тұтастығы – тілегінен, Берекесі – бірлік-білегінен», «Данышпанның сөзі – дәуірлерге дәріс», «Арнасы бітелген дарияны айқаймен арши алмайсың», «Шамшыл адамның шаруасы шашылып бітеді», «Демократияның желкенін түзер жел болғанмен, жүзер кемесі – халық», «Тіл жайында үндеу жазғаннан үзбей жазған пайдалы», «Рухани кеңістік жасау үшін рушылдықты есіктен сығалатпау керек...» Жақау бойы ысынып, байыз таппай қолын көтере басу айтты, өз сөзі өзін мадақ боп қарыды. Ұяты буды. Әсіре көтермеге құнтсыз. Желпініп алған асаба жер тарпып, сөз әуезінің сиқырынан суымай тұр: «Білімді әкім бірлікке шақырады. Білімсіз – ірілікке бас ұрады», «Кек сақтағыш адамның кейпі қашып жүреді», «Қалың елдің құрметіне бөлену үшін, Қалың елдің отымен кіріп, күлімен шығуың керек»... Осы сәт: «Жә, тоқтатыңызшы!» деген дауыс саңқ ете қалды... Асаба күрт тыйылды...



Бұл енді жазушының «Ойдауа»-сынан ғана қойылған скетчтей сілем еді... Әрі сілтесек ше? Төрт томдық «Таңдамалы шығармалары» ізашарынан соң тағы екі томдық «Таңдамалы» қанаттаса сонарға түсті. Жақау өрісі кеңейіп, көркейіп, келбеттеніп кетті.

Жазушыны жақсы көріп, шығармаларын індетіп оқып, сырттай сыйластығыңды еселеу үшін көп нәрсе қажет емес екен. Ойлантып толғантқан, мұңайтып қуантқан, өмірдің өрт өзегінен күн шуағын себезгілететін серке сөзімен, сергек сезімімен, үзілердей үмітті қайта жалғайтын жүрек лүпілімен баурап алса, жетіп жатады. Сол жазушы – сенікі! Ол сөйтіп оқырманның ортақ байлығына айналады. Жалқыдан жалпылық мархабатқа ұласқан абырой-беделі маңдай тердің өтеуіндей боп жазушыны тұлғаландыра түседі. Сөз тылсымы таңдандырады.

Тарихи шындықтың аясында өрбіген халықтық толқулардың кейбір сәттерін «Көктемір» хикаясына өзге қырынан өре білген Ж.Дәуренбеков ғұмырлы шығарма жазып, мықты қарымын дәлелдеді. Сапура-Көктемір қолының сойқан сілтесі таңырқатпай қоймайтын... Жазушы таланты да осындайда қылыш жүзіндей қылпып кетеді екен.

Оның қазақ балалар әдебиетіндегі өзіндік сүрлеулі, айрықша елеулі, сәби жүрегінің лүпілін аңғарымпаздығы, кейінгі жылдардағы бірнеше көркем – кескіндемелік лағыл жырға ұқсас шағын әңгімелері «бала үшін туған қаламгер» дегізерліктей айбарландырып қойған еді баяғыдан. Әсіресе жаңа ғасыр ұрпақтарының ұлттық дүние-танымын түбірлей, ежіктей жазуымен олардың ата-баба дәстүріне лайық өсіп-өркендеуін уағыздайтын шығармалары, нақ бүгінгідей тәрбие-тәлім бағдары батыстық үлгіге емеурінденіп кеткен өткелекті тұста, кішкене оқырмандарына ауадай дәру екендігін сезінеміз.

Жақаудың әрбір әңгімесі ынтықтыра тартады. Тылсымын бір сөзбен тап басып айту тағы қиын: әсерлер әлемі әрқилы; өмірден өткен әңгімешіл жоқ; сенің ойыңның күдігі мен күлкісі өзіңді шошытудан бастап, өзгенің жанын қари жөнеледі; немесе басқаның жүрегі тілімденіп жатқанда сен дым сезбегендей тымырайып қала алмайсың ғой; ең «қорқыныштысы» – жазушы кейбір шығармасында Сен туралы жазып отыр екенау!.. Демек, өзіңді өзіңнен артық танитын бұл қаламгерге бағынбай көр енді. Ырқынан шықпайсың енді оның!..

Жазу киесі таңдап, талғаммен қонатынын Жақау сезеді. Сол себепті де қаламын Құран ұстағандай таза, мөлдір асықтықпен, іңкәр ғашықтықпен мәпелеп, мейірлене баптап қолына алады. Жүрегінің жалыны сияға араласып қызынтып, алғашқы сөзін саптарда не құдірет десейші, жүз жасаған әкесінің жазу машығы, теңізден інжу тергендей тіл асылы ойын тербеп, әрісәрі күйге түсіреді. Теңіз сарыны құлағының түбінен шуылдайды, «жақсы жаз» деген әке аманаты намыс отындай қайраққа салады. Арал флотилиясының тұма тарихын түсірген әке жазбаларына жиі үңіліп, сағынышын үрлегенде өмір зергерінің зердесіне тәнтілігі артады. Төгілген тіл түйсікті тереңінен тербетеді. Балық аулап ауылын баққан, қара еңбегімен еліне жаққан, ау-тордың ақжем етіп шодырлаған сүйелді алақанына қаламсабын қыса ұстап жазған әр сөйлеміне тебіреніп, көзінің жасын сығып алатыны бар... «Тыран, тісті, қаяз» секілді балық атаулары әкесінің жазбасымен бүгінге жетіпті. Әкесінен ауысқан қалам киесі өзінің өмірін толықсыта тербеткенін, енді қараңыз, баласы Бабырдың да дипломатиялық ой-сараптамаларының көкжиегін кеңейтіп, сонау алғашқы сыныптан бастап оған күштеп күнделік жаздырғанының қайтарымындай боп жүрегін жылылыққа бөлейтіні бар. Оның да том-том жазбалары дайын тұр. Ал Жанары өзінің баспагерлік кәсібін бипаздап ұстап, келісті жалғастырарына бек сенімді. Шүкір, еңбегі еленіп келеді. Арал ауданының Құрметті азаматы. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. «Құрмет» орденді. Өзге де биік мәртебелі марапаттар жалғасын тауыпты. Университеттің соңғы курсынан «Лениншіл жасқа» жегіліп, кейін қазақ баспасөзінің талай бақдүрлерімен қолтықтаса қалам сілтеген Жақаудың еленуге лайық еңбегі ұшан-теңіз ғой.


Жұмыс шашетектен. Отыз жылдай басқарып келе жатқан «Ана тілі» баспасының мына қиын заманда туын жықпай, оқырмандарын сапалы кітаптармен қуантуды ойлағанда тынысы кең ашылғандай болады. Кемел Тоқаевтың бұрындары өзі басып шығарған бес томдық шығармалар жинағын енді көрнекті жазушының жүз жылдығына орай қайта жариялау қандай ғанибетті іс болар еді... Келесі жылдың жоспарында тұр... Иә, кейін оқырмандарының қолына тиіп, лөззатқа бөленеді.

Жақау біраздан бері қаузап, иін қандырып жатқан «Мінез миниатюралары» қолжазбасына ойын кернеген бірер сөйлемдерді асығыс түсірді де зайыбы Шұғаны күткендей, сағатына көз қиығын салды... Жантәсілім етті...

... Жақау достың дүниеден озғанына, міне, төрт жарым жылдың жүзі ауды. Осы күндері сексен жасқа толар еді. Талантты жазушының шығармалары оның екінші өмірін жалғастырып жатқандай күй кешудеміз.

Қайсар ӘЛІМ,
жазушы, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері

АҒАЛАР АЙТҚАН ӘҢГІМЕ



ТУҒАН ЖЕРДІҢ БІР УЫС ТОПЫРАҒЫ

Көрнекті жазушы, этнограф, баспагер Зейнолла Сәнік ақсақалмен «Шыңжаң» газетінің тілшісі болып жүрген кезде жақын танысып, жақсы араластым. Талай ғибратты әңгімелерін тыңдадым. Зайыбы – Ақын Шәмшабану апамыз да жиын-тойларда кезіге қалсақ, «балам» деп өзіне жақын тартып еркелетіп жүрді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Екеуі де қаламгер, кітап кемірген жандар болған соң ба, жоқ әлде Зекең ақсақал ұзақ жыл баспа саласында қызмет істегенінен бе, қытай қазақтарының арасында ең үлкен жеке кітапхана осы Зейнолла Сәніктің отбасында болды. Кезіге қалсам, «сол кітаптардың біразын маған қашан бересіз?» деп әзіл-шыны аралас тақымдап қоймайтынмын. Сонда ақсақалдың рахаттана күліп, «кітапқұмар болған жақсы ғой, университет оқу басқа, кітап оқудан алатын білім тіпті басқа» деп өзінің кітапты қалай оқығанын да ерінбей әңгімелеп бергені күні бүгінге дейін есімде.

Нақ қай жылы екені есімде жоқ, Қазақстанға кетіп қалған Зейнолла ата аяқ астынан телефон шалды.

– Қалиакбар балам, мен Зейнолла атаңмын ғой, Нәнміндегі (Үрімжі қаласы) ауруханада жатыр едім. Уақытың болса келіп кетші, – деді. Көп айналғам жоқ, айтқан жеріне шауып жеттім. Емделіп жатырмын дегені болмаса, тың, әлі ширақ көрінді.

– Әкетіп бара жатқан ауру емес, Үрімжіге келіп қалған соң бір апта қаралып алайын деп жатқаным ғой. Бір жағы бұл жолы туған жерді, туған елді бір көріп қайтайын деп келдім. Жас күніңде білінбегенмен, туған жердің топырағы қартайғанда қатты ыстық болады екен. Баяғыда Түркияға ауып барған қазақтар «туған жердің топырағын жеп қойыпты» дегенді естіп, күліп едім, – деп ақсақал бір әңгімені бастады.

– Өзің де білесің, өткен ғасырдың орта шенінде Алтайдан Анадолыға дейін ауған қазақтар Түркия жеріне қоныс тепкеніне де міне, жарты ғасырдай уақыт өтті. 1938 жылы Қытайдың Шыңжаң өлкесінен ауған ел Тибет үстіртін, Такламакан шөлінен өтіп, Гималайдың күн сүйген жоталарын асып, Үндістан, Пәкістанды басып, 1953 жылы Түркияға жеткен. Көш куәгерлерінің айтуынша, Алтайдан басталған сол көште ту баста 18000 адам (кейбір деректерде 38 мың адам) болса, Түркияға небәрі 1500 адам жеткен екен. Қазақ тарихында мұндай қасіретті қаралы көш болмаған, – деп бір күрсініп алған ақсақал әңгімесін әрі қарай жалғады.

– Сол түбі бір түркі жеріне жеткен қазақтар кейін Түркияда бір ауыл болып өмір сүрді. 1980 жылдан кейін Қытай елімен де қайта қарым-қатынас жасап, жолаушылап келіп-кетіп жүрді. Баркөл өңірін мекендеген қазақтардың бір аз туысы – сол Түркияда. Бір жылы сол Баркөлдегі қазақтар Түркиядағы туыстарына сәлемдеме жібергенде, қоржынның арасына жасырып, Баркөлдің бір уыс топырағын жіберіпті. Ол кезде елден сәлемдеме келсе, ол жақтағы қазақтар тайлы-тұяғы қалмай түгел жиналатын көрінеді. Сол жолы алдымен жеткен үш шал сәлемдеменің арасынан шыққан бір уыс топырақты көргенде тұтас жері көшіп келгендей қуанып, әлгі бір уыс топырақты кезек-кезек иіскесе де сағыныштары басылмай, соңында әлгі бір уыс топырақты үшеуі бөлісіп жеп қойыпты. Осы әңгімені естігенде мен басында сенбеп едім, рас екен. Адам туған жерін аңсағанда бір түйір топырағы түгіл, бір шырпысы да ыстық сезіледі екен. Ақын Жәркен Бөдештің:

Туған жердің дариға-ай
зар боп жүрміз,
Тіс шұқитын жалғыз тал
аршасына, – деп жырлайтыны тегін емес. «Әркімнің туған жері Мысыр шәрі» дегендей, кім-кімге де кіндік қаны тамған жері қашанда ыстық.

Адамды қойып, мал екеш мал да туған жерін аңсайды. «Әсіресе, жылқы мен түйе өскен жерін аңсағанда сол бағытқа қарап, тұмсығын көтеріп адамша екі көзінен жас сорғалайды екен» деген әңгімені де үлкендердің аузынан талай естідім. Сосын да тәжірибелі қазақ жылқышыларының екінші бір өңірге қоныс аударғанда туған жерінен топырақ ала кетіп, жылқының жусайтын жеріне тұзға қосып шашып тастайтын әдеттері болған, – деп Зейнолла ақсақал әңгімесін аяқтап еді.

№6 (4904) 17/01/2026 Сенбі

Елордадағы Forte Kulanshi Artspace галереясындағы биылғы алғашқы көрме белгілі қылқалам шебері, мүсінші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сембіғали Смағұловтың туындыларымен ашылды.





Көрмеден суреттерді Kulanshi Art Group ұсынды

САҢЛАҚ СУРЕТШІ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Қазақстан кеңістігіндегі бейнелеу өнеріне бір топ суретші келді. Сембіғали Смағұлов – сол буынның көрнекті өкілі. Бұл кезеңде еліміз тәуелсіздігін енді алып, сананың оянуы, тамырымызға оралу, тегімізді тану үдерістері жүрді. Осы жағдай шығармашылық адамдарына қатты әсер етті. Суретші Сембіғалидың туындыларынан бұл анық байқалады. Картиналарынан түбі бір түркі жұртының және қазақ мәдениеті, көшпенділер әлемі меңмұндалайды.





Кенепте бейнеленген образдар мен сурет атауларының өзі баяғы, бағзы замандарға жетелейді. Кейбір атауларды тізбелесек, азаттығымызды алған 1991 жылы салынған «Темірқазық», одан кейінге кезеңдері қағаз бен кенепке түскен «Ұмай», «Самұрықтың самғауы», «Этникалық топтың қалыптасуы», «Кентаврлар мен амазонкалар шайқасы», «Олжа», «Номад наме», «Көшпелі әлем», «Арқайым», «Тәңір шапағы», «Тарлан», «Алаш жылқысы», Мұхаммед пайғамбардың туын ұстаушыны бейнелейтін «Алемдар» болып кете береді. Суретші туындылары қазақ фольклоры мен ұлтымыздың музыка мәдениетімен ұштасады. Бұған «Байғыз», «Құрманғазы», «Құлагер», «Есекей» атты картиналары көз жеткізеді. Қылқалам шебері шығармашылығы арқылы кешегі мен бүгінгіні де сабақтастырады. Туындыларының «Таңбалар селфиі», «Трансформация энергиясы» деген атаулары соған дәлел.

Белгілі қылқалам шебері Жеңіс Кәкенұлы кезінде әріптесі туралы қалам тербеді. «Саңлақ» атты мақаласында автор кейіпкерін «графика» десең – сыза алатын, «кескіндеме» десең – жаза алатын, «мүсін» десең – балшық илеп, мыс құятындай қылып, картина танығыш, композиция дегенді сонадайдан «оқығыш» етіп жаратқан» деп сипаттайды. «Сембіғали Абзалбекұлы десем, көз алдыма оның шығармасындағы жылқылар образы келеді, көкейге Қамбар ата бейнесі қоса түседі. Ғасырлар бойында мал өсірумен, ұзара көшіп, тежеле қонумен тірлік еткен елдің ұрпағы – жануардың ішіндегі адамға ең ыстығы, қадірлісі аттың бағасын өзгеше түсініп, ерекше сезінген, жылқы мінез суретші елестейді. Ол – еркіндік символы, ер қанаты жылқыны (түу, о баста) шығармасына кілт қылып алды да, «Сыншы», «Ертең бәйге», «Бұғаусыз тұлпар», «Аңшылар», «Сұлтан Бейбарыс», «Жалаңтөс батыр», «Кентавр биі», «Мың жылқы» деп, «Түйтенің көк шағыры» деп күллісін тізсек, ұзақ бір керуенге жүк болатын ұзын сонар картиналарының өн бойын ылғи қыл құйрықтыға толтырды» деп жазады Жеңіс Кәкенұлы.

Сембіғали Смағұлов жылқы бейнесін мүсінге де айналдырды. «Астана Опера» театры ғимаратының ұшар басындағы аспанға шапшыған жылқылар – соның өнер туындысы. Елордадағы «Қазақ елі» монументі авторларының бірі де – Сембіғали Абзалбекұлы. Астанадағы «Салтанат» сарайындағы «Көк түркілер әлемі» туындысы, бұрынғы «Думан», қазіргі Ailand отбасылық демалыс орталығындағы «Құс жолы» декоративтік өнімі де соның қолынан шыққан. Бас қаланың «Қаламгерлер» аллеясындағы «Үш арыс» (Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров) ескерткіші үшін мүсіншіге Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді.

Белгілі суретші, философия докторы Лейла Махаттың айтуынша, Сембіғали Смағұловтың есімі отандық өнер тарихына аталған мүсіндік композицияларымен-ақ өшпестей болып жазылды. Суретшінің туындылары елімізден тыс шығып, шетелдік көрмелерге де қойылды. Атап айтқанда, қылқалам шеберінің жеке көрмесі әр жылдары Германияның 6 қаласында, Вена, Лондон, Мәскеу секілді әлем астаналарында, Кипр елінде ұйымдастырылды. Оның туындылары Мәскеудегі Шығыс халықтары музейінде, Омбыдағы Врубель атындағы музейде, Қырғыз Республикасы, Кипр елдерінің Ұлттық музейлерінде, өзіміздің Ұлттық музей мен өзге де іргелі руханият ошақтарында тұр. Сембіғали Смағұлов есімі Мәскеу өнертанушылары түзген рейтингтің жоғары жағында тұр. Қытайдың Нанкин көркемсурет университеті оған «Құрметті профессор» атағын берді. Сонымен қатар Сембіғали Смағұлов – өзге де шетелдік бірнеше марапаттың иегері. Оның туындылары бірқатар альбом мен антологияларға енді. Суретшінің Forte Kulanshi Artspace галереясындағы көрмесін осы қыс ішінде тамашалауға болады. Көрме бір жарым ай бойы көктемге дейін жалғасып, 3 наурызда жабылады.

АЯЗДЫҢ ДА АТЫ БАР

Аяз – температура 0°С-тан әлдеқайда төмендегенде болатын қыстыгүнгі ызғарлы суық. Қылышын сүйретіп қыс келгенде үскірік соғып, күн райы шытқылдап, су бетінің мұзы қалыңдай бастағанда аяз да күшіне мінеді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Аяз суықтық деңгейіне қарай бірнеше түрге бөлінді. Аяздың түрлерін білу табиғат құбылыстарын түсінуге және оның алдын алу шараларын дұрыс жоспарлауға көмектеседі. Әсіресе мал шаруашылығында аяздан қорғау әдістерін қолдану өнімді сақтап қалуда маңызды рөл атқарады.

Халқымыз күн қатты суытқанда «сүйектен өтеді», «бет қаратпай тұр», «жалап тұр» деген сияқты теңеу сөздерді қолданып, қыс бейнесін сипаттаған. Хакім Абай:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды, – деп бейнелесе, ақын Ілияс Жансүгіровтің:


Қыс, қар, мұз, қырау, қылау – жерді көміп,
Бұлт бүркеп, тұман төніп, баса шөгіп.
Жер-көкті аяз бүріп, қызыл жалап,
Бұрқ-сарқ боран құсып, шашып, төгіп.
Кейде аяз, кейде бұрқақ, кейде қырбақ,
Кейде еркек, кейде күрпік, кейде сырғақ,
Жер тарпып, аспанды аршып алтын күрек,
Сапырар сұрапылды кейде бір уақ, – деп жырлағаны – соның дәлелі.

Қыстың алғашқы айы – желтоқсан. Бұл айдың басында қырбастың қызылы деп аталатын алғашқы аяз болады. Халық арасындағы есепшілердің айтуынша, қырбастың қызылы үш-бес күнге созылып, сонан соң аяз беті қайта бастайды.

Қазақ халқы күн райына қарап, аяздың түсетін мезгілін де алдын ала білген. Күн құлақтанып, түтін тік ұшса, жұлдыздар анық көрініп, жиі жымыңдаса, аяқ басқан қар қатты сықырласа, будақ бұлттар көкжиектен өркештене көтеріліп көрінбей кетсе, аяз болады деп болжаған. Көне есеп бойынша желтоқсанның 25-і мен 5 ақпан аралығы сақылдаған сары аяздар болса, қаңтар мен ақпан айларындағы қыстың ең суық мезгілі «Қыс шілдесі» немесе «Кіші шілде» деп аталған. Бұл суық мезгілдердегі аяз тіліміздің былай сипатталыпты:

Үскірік – бет қаратпайтын суық жел қосылған аяз.

Ақшаның аязы (Ақ аяз) – қар жауғаннан кейін түсетін аяз.



Оңалхан ӨНЕРХАН

Көк аяз – құрғақ аяз.

Қақаған аяз (суық) – желемік қосылып, дымқылдықпен қабаттасқан аяз.

Сары аяз – желсіз, тымық аяз.

Қызылшұнақ аяз – суық аязға өкпек жел қосылып, тіршілік біткеннің зықысын кетіретін аяз.

Сақырлаған сары аяз – қаңтардың аяғы, ақпанның басында болатын сары аяздың күшіне мінген, күшейген кезі.

Шыңылтыр аяз – бет қарып, өңменінен өтетін аяз.

Түф деген түкірік жерге түспейтін аяз – ауа райының суықтығы соншалық, адамның түкірген түкірігі жерге мұз боп түсетін, өте қатты аяз.

Әрине, мұнан басқа да әр жерде әртүрлі айтылатын аяз атаулары да бар. Бірақ мәні мен мағынасы жоғарыдағы аяз атауларымен ұқсас.

Осы күндері Астананы аяз буып тұр...

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №6
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ